

15 Кегенбекова А., Рамазанов Т. Терминдерді зерттеудің когнитивті сипаты // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – №1 (71). – 2020. – Б. 237-241.-журналда жарық көрген мақала

References:

1. Kubrākova E.S. O mentālno m leksikone: leksikon kak komponent rechevoi sposobnosti cheloveka // *Aktuālnye problemy sovremennoi lingvistiki*. – M.: Flinta-Nauka, 2011. – S. 327–343.
2. Karaulov Īu.N. Ruski iazyk i iazykovaia lichnōst. – M.: Nauka, 1987. – 264 s.- kniga
3. Zalevskaia A.A. Mentālnyi leksikon s pozisi raznyh podhodov // Zalevskaia A.A. Slovo. Tekst. Psiholingvističeskie issledovania: izbrannye trudy. – M.: Gnozis, 2005.– 542 s.-kniga
4. <https://www.etymonline.com/search?q=lexicon> [Paidalanğan uaqyty: 30.03.2020]-elektronny resurs
5. Kubrākova E.S. V poiskah sušnosti iazyka // *Voprosy kognitivnoi lingvistiki*. - №1. – 2009. – S. 5–12.-kniga
6. Zolotova N.O. Īadro mentālno m leksikona cheloveka kak estestvennyi metaiazyk: diss. ...dokt. filol.n. – Tver, 2005. – 306 s.-kniga
7. Churilina L. Mentālnyi leksikon: modeli organizasii znani v pamāti cheloveka // Churilina L. *Aktuālnye problemy sovremennoi lingvistiki*. – M.: Flinta, 2011. – 416 s. -kniga
8. Taylor J. R. *The mental corpus: How language is represented in the mind*. – N.Y.: Oxford University Press, 2012. – 336 p.-book
9. Zabotkina V.Ī. Slovo i smysl. Monografia. – M.: Īzdatelski sentr RGGU, 2012. – 420 s.
10. Zalevskaia A.A. Vvedenie v psiholingvistiku: Uchebnik. – M.: Direkt-Media, 2013. – 561 s.
11. Leontev A.A. Deiatelnostnyi um (Deiatelnōst. Znak. Lichnōst): Monografia. – M.: Smysl, 2001. – 392 s.-kniga
12. Taylor J. R. *The mental corpus: How language is represented in the mind*. – N.Y.: Oxford University Press, 2012. – 336 p.-book
13. Zabotkina V.Ī. Slovo i smysl. Monografia. – M.: Īzdatelski sentr RGGU, 2012. – 420 s.
14. Zalevskaia A.A. Vvedenie v psiholingvistiku: Uchebnik. – M.: Direkt-Media, 2013. – 561 s.
15. Leontev A.A. Deiatelnostnyi um (Deiatelnōst. Znak. Lichnōst): Monografia. – M.: Smysl, 2001. – 392 s.-kniga
16. Aldašev K. Novye slova v sovremennom kazahskom iazyke: prosey kodifikasii i ih lingvodidaktičeskie osnovy: disertasia na soiskanie uchenoi stepeni doktora filosofskih nauk. [New words in the modern Kazakh language: codification processes and their linguodidactic foundations: the dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD).] – Almaty, 2016. – 202 s.-Disertasia
17. Silvia Pavel. Neology and Phraseology as Terminology-in-the-making // *Terminology: Applications in interdisciplinary communication*. – Canada, 1993. – 8 p.-article
18. Griškina E.N. Novizna leksičeskoj edinisy kak integrativnyi parametr psihologičeskoj struktury znachenia slova (na materiale psiholingvističeskogo eksperimenta): avtoref. dis. ...kand.filol.nauk. – Tver, 2017. – 20 s.-disertasia
19. Kegenbekova A., Ramazanov T. Terminderdi zertteudiñ kognitivti sipaty // *Abai atyndağy QazĪPU Habarşysy. «Filologia ғылымдары» seriesy*. – №1 (71). – 2020. – Б. 237-241.-jurnalda jaryq körgen maqala

МРНТИ 16.01.09

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.19>

Сеїтбекова А.¹

¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы, Қазақстан

КЕЙБІР КІРМЕ БІРЛІКТЕРДІҢ ДЫБЫСТЫҚ ИГЕРІЛУІ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Сөздік қорымыздың негізгі қабатын құрайтын араб, парсы сөздері қазақ тіліне ену жолдары мен фонетикалық, семантикалық өзгерістеріне бірқатар ғылыми-зерттеу еңбектер арналғаны белгілі. Тілімізге жазба және ауызша тіл арқылы енген араб және парсы сөздері қазақ тілінің әдеби тілінің сөздігіне де тіркеліп, дефинициясы ашылды. Кейбір сөздердің тілімізге сіңісіп кеткені соншалық

қазіргі таңда өз сөзіміздей қабылданып, бөтендігі танылмай да қалды. Бұндай сөздердің қандай жолдармен дыбыстық өзгерістерге түскендігі жайында тілтанымдық ақпарат беріп, оларды жаңа әліпбимен түзілетін сөздікке тіркеп, жетілдіріп отыру – лексикографтар мен тілтанушылардың басты міндеті. Сондықтан аталмыш мақалада кірмелігі танылмай қалған тілдік бірліктердің фонетикалық игерілуіне, семантикалық өзгерістеріне талдау жасалып, жаңа латын әліпбимен түзілетін сөздіктің сөзтізбесіне енгізу жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: сөздік, араб және парсы сөздері, дыбыстық өзгерістер, семантика

*Seitbekova A.*¹

¹ *A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty*

ABOUT PHONETIC TRANSFORMATIONS OF SOME BORROWED WORDS

Abstract

It is known that a number of research works are devoted to Arabic and Persian words entered the Kazakh language through a number of ways, as well as phonetic, semantic changes. Arabic and Persian words, which entered our language through written and oral language, were also registered in the dictionary of the Kazakh literary language, and their definition was opened. Some words have become so ingrained in our language that they are no longer recognized. The main task of lexicographers and linguists is to provide linguistic information about the ways in which such words undergo phonetic changes, to register and improve them in the dictionary, which will be formed in the new alphabet. In this article, the author analyzes the phonetic assimilation and semantic change of borrowed units, along with this, suggests methods for introducing borrowed words into the dictionary of new Latin graphics.

Keywords: dictionary, Arabic and Persian words, sound changes, semantics

*Сейтбекова А.*¹

¹ *Институт языкознания имени А. Байтурсынова,
Алматы, Казахстан*

О ФОНЕТИЧЕСКИХ ПРЕОБРАЗОВАНИЯХ НЕКОТОРЫХ ЗАИМСТВОВАННЫХ СЛОВ

Аннотация

Известно, что изучению способов проникновения, а также фонетического, семантического изменения арабских и персидских слов в казахском языке посвящено множество научных трудов. В процессе употребления заимствованные слова с в устной и письменной речи настолько укоренились до неузнаваемости, что потеряли свойства чужеродности. Поэтому основной задачей лексикографов, языковедов является предоставление лингвистического анализа преобразования, освоения, происхождения заимствованных слов. В данной статье автор анализирует фонетическое освоение и семантическое изменение заимствованных единиц, наряду с этим предлагает способы введения заимствованных слов в словарь новой латинской графики.

Ключевые слова: словарь, арабские и персидские слова, фонетические изменения, семантика

Кіріспе. Жаңа латын әліпбиіне көшуде қазақ тілінің лексикографиялық базасына да өзгертулер мен толықтырулар енетіні анық. Осыған орай бүгінгі сөздік қорымыздың негізгі қабатын құрайтын араб және парсы сөздеріндегі болып жақтан дыбыстық және семантикалық түрлену жолдарын, шығу төркінін қайта қарастырып, жаңа сөздікке тіркеп, жетілдіріп отыруды қажет деп санаймыз. Қазақ тіліне ертеден енген кейбір араб, парсы сөздері игерілгені соншалықты, төл сөзіміздей қабылдаймыз. Кейде бұл сөздер сөздікке тіркелгенмен, шығу төркіні қай тілден енгендігі нақты көрсетіле бермейді. Ол бір жағынан жөн де, себебі біржақты ғылыми дәлелденген пікірлер мен зерттеулер болмайынша, қате ақпарат беруден сақтанудың бірден бір жолы. Осыған байланысты зерттеу жұмысымыздың мақсаты – халықтың сөйлеу тіліндегі кейбір араб, парсы сөздерінің түп-төркінін анықтап, сөздікке белгілеуді қарастыру.

Жалпы, араб, парсы сөздері қазақ тіліне екі түрлі формада жазба және ауызша тілі арқылы енгені белгілі. Жазба тіл арқылы енген араб, парсы сөздері түркі тілдеріне бастапқы енген кезінен бастап ХХ ғасырдың алғашқы кезеңіне дейін түпнұсқасы сақтала отырып жазылды. Одан кейін араб, парсы сөздері халықтың сөйлеу тіліндегі дыбысталуына жуық жазыла бастайды. Дегенмен араб, парсы сөздері **халықтың сөйлеу тіліменде және түпнұсқасымен** деэртүрлі нұсқада таңбаланғанын сол кезеңдердегі жарияланған газет тілі материалдарынан, XV-XVII ғғ. ақын-жыраулар мен жазушылардың шығармаларынан, халық арасына ауызша тараған діни қисса-дастандар мәтіндерінен байқауға болады. Уақыт өтпесінше халықтың сөйлеу тілі арқылы енген белсенді қолданыстағы араб, парсы сөздері қазақ тілінің дыбыстық табиғатына сәйкес әртүрлі фонетикалық (синкопа, эпитеза, апокопа, метатеза) құбылыстармен игерілгені белгілі. Айтылуы бойынша игерілген сөздердің құрамындағы сөз дыбыстарының жазудағы нормасы белгіленіп, орфографиясы да орнықты. Қазіргі қазақ әдеби және халықтың сөйлеу тіліндегі араб, парсы сөздерін игерілуі тұрғысынан екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа сөздің сыртқы тұрпатына қарай кірмелігі танылатын араб, парсы сөздері: *кітап, дәптер, періште, хат, азат, әпсана, дарақ, ұстаз, пайда, мектеп, дос, парасат*, т.б. жатады. Яғни, сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстардың қазақ тілінде сол дыбыстарға жуық дыбыстарға түрленуі арқылы игерілген сөздер.

Екінші топқа сөздің сыртқы тұрпатына қарай кірмелігі танылмайтын араб, парсы сөздері: *әбуіір, әжептеуір, әмпей, әмісе, әрине, әсте, өжет, өбу, өгей, үлгі, үжіре*, т.б. жатады. Яғни, сөз құрамындағы жат дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуы немесе дауысты дыбыстарға түрленуі арқылы тұтасымен қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бейімделіп игерілген сөздер.

Әдістеме. Араб, парсы сөздерінің қазақ тілінде алатын орны, ену жолдары Л.З. Рүстемовтың, Е. Бекмұханов, Н. Оңдасынов, Б. Жұбатова, Ж. Есеналиеваның, т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелді. Алайда тілімізде кірмелігі танылмай кеткен тілдік бірліктер де жеткілікті. Сөз төркінін анықтауда дәстүрлі фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық принциптері негізінде салыстырмалы-салғастырмалы, жинақтау әдістері басшылыққа алынды. Зерттеу нысанымызға алынған тілдік бірліктердің семантикалық өзгерістері қазіргі қазақ әдеби тілі сөздігіндегі мағыналарына сілтеме беріліп отырады.

Нәтиже және талқы. Сөздің бастапқы позициясында дауыссыз дыбыстармен басталатын төл тіліндегі араб, парсы сөздері игерілу процесінде бір ғана белгіленген дауысты дыбысқа өзгеріп, игерілмеген, олар алуан түрлі дыбыстық өзгерістерге түрленіп, семантикалық өзгерістерге түскен. Қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмейтін арабтың *ح* “хә:”, *خ* “ха:”, *ه* “һә:”, *ع* “айын”, *غ* “ғайын” дыбыстары. Мәселен, *ح* “хә:” дауыссыз сөз басында түсіріліп, сөз жіңішке дауысты *ә, ө, ү* дыбыстарынан басталған: *һүкм حکم* – *өкім/үкім*, т.б. Кейде *ح* “хә:” қатаң дауыссыз дыбыстан басталады: *حاضر* – *қазір/әзір*; *حاراکات* – *қарекет/әрекет* т.б. Қазақ тілінде мұндай жуан дауыстылардың жіңішке дауыстыларға алмасуы тіл арты дыбыстарының тіл алдына жылжу үрдісімен түсіндіріледі [1., 149]. Әсіресе, бүгінгі тіл иелменіне танымастай игерілген кірме сөздердің ішінде *ә, ө*, *ұ* дыбыстарымен басталатын сөздер.

Ә-мен басталатын сөздерге назар аударайық. Тілімізде семантикасы күңгірт тартқан *ә*-мен басталатын бірқатар сөздер бар. Мәселен, *Бұлармен ә м п е й болған адамның Жанарынан қып-қызыл боп жас тамар!* (Қ. Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Осы сөйлемдегі *әмпей* сөзі қазақ тіліне дыбыстық тұрғыдан игерілгені сонша бүгінгі тіл тұтынушылары төл сөзіндей қолданады. *Әмпей* сөзі парсы тілінің *һәм* (–бірге) және *но* (پا – аяқ) сөздерінің *һәмпа* бірігуінен туындаған болса керек. *Һәмно* сөзінен *ие* және *ий* парсы тілінің қатысымдық жұрнақтары арқылы жасалған *һәмпойе*, *һәмпойий* нұсқалары бар. Қазақ тілінде қатысымдық тұлғадағы соңғы *һәмпойий* нұсқасындағы бірінші буындағы дауыссыз *һ* дыбысының түсіп қалуы (*һәм* – *әм*) және екінші буынның (*но* – *пей*) қазақ тілінің сингорманизм заңдылығына сәйкес өзара үндесіп, жіңішкеруі арқылы түрленген. Парсы тілінде бұл сөздің *һәмпо* (همپا) 1. жерсерік, жолдас; 2. жалға жерімен бірге берілген қос бұқаның иесі; 3. орта шаруа. *Һәмпойе*: тең дәрежелі, лауазымы мен атақ-дәрежесі бойынша бірдей; *һәмпойий*: сүйемелдеу, жолдастық деген мағыналарына ие [2, 722]. Парсы тіліндегі бұл сөздің бірнеше мағынасына ортақ келетін семантикалық компонент “бірге орындалатын іс” дегенге саяды. Яғни, қазақ тілінде *әмпей* деп “бір-бірімен ауыз жаласқан көңілдес, сырлас” адамды атайды. Тілімізде “ашыналас, көңілдес” мағынасы да кездеседі [3, 2 т., 451].

Қазіргі таңда *әмпей* сөзіне қарағанда ауызекі сөйлеу тілінде “ым-жымы бір” мәніндегі *әмпи-жәмпик* сөзі жиі қолданылады. Осындағы *жәмпей* сыңарының да мәні бүгінгі оқырманға бейтаныс бірлік. *Жәмпей* тұлғасының жеке мағыналық дербестігі жоқ. Дауысты дыбыстан басталатын *әмпей*

сөзінің алдына *ж* дауыссыз дыбысының қосылуы арқылы жасалған қос сөз. Тілімізде “*әмпей-жәмпейдің*” *әмпи-жәмпи*, *әмпай-жәмпай* нұсқалары да кездеседі.

Ә-мен басталатындағы бір сөзге мысал келтірейік. *Мұнан бұрын балаларымыз ... төрт-бес жылда әптиектің қарасын жөндеп оқи алмай, тәлтіректен, мыжып жүрмеуші ме еді?* (С. Торайғыров). Осындағы кірмелігі байқалмайтын, төл сөзіміздей игеріліп кеткен *әптиек* сөзінің де түп-төркіні парсынікі. Парсы тілінде бұл сөздің орфографиялық нұсқасы *хафт у иек* (یک و هفت – жетіден бір), яғни *хафт* (هفت – жеті) және *иек* (یک – бір) сандары байланыстырушы у (و) журнағы арқылы күрделі бөлшектік сан есімді тудырып тұр. Өткен ғасырдамұсылман мектептеріне қолданылған Құранның қысқа сүрелері мен аяттарынан тұратын құранның жетінші бөлігін *әптиек* деп атайды. Яғни, *әптиек* – мұсылманша алғашқы сауат ашуға арналған оқулық түрі [3, 2 т., 470]. Сондай-ақ, байырғы қазақ арасында көзі ашық, санды есептей алатын адам “*Ә таусыпты*” деп дәріптелді. Әдетте халық арасында ем-домда жиі қолданылатын арнайы сүрелер мен дұғалар *Ә*-те беріліп отырды [4., 460].

Сонымен *ә*-мен басталатын сөздердің көпшілігінің түп-төркіні араб, парсы тіліне жатқызылады. Қ. Жұбанов: “Қазақ сөзі *әнге* келетін болсақ, ол түбірлі сөз емес, кейініректе иран тілінен енген сөз. Оның алғашқы нұсқасы *оһәник*. Біздегі *ән* сөзінің басындағы *ә* қазақ тілінде кейіннен араб-иран кірмелері арқылы пайда болған, бұл араб, иран сөзінің ассимиляциялық құбылуға ұшыраған түрі”, – дейді [5., 20]. Осындай *ә* дыбысынан басталатын сөздердің араб, парсы тіліндегі графикалық тұлғасы мынадай:

- а алиф: ابگیر әбгир – әбігер;
- أ алифпен хамза: أبدا әбдан – әбден, أبداسته обдәсте – әбдәсте;
- ع алиф пен айын: عادل әділ, عالم әлем;
- ع айын: عبث әбес, عزيز әзиз;
- ح хә: حرکت әрекет/харекет, әддіс;
- ه һә: هوا әуе/ауа; هفت әптиек, هجر әжуа/ажуа, т.б.

Байқағанымыздай, арабтың *алиф*, *алиф хамза*, *айын алиф* және *айынмен* басталын сөздер қазақ тіліне *ә* дыбысымен түрленген. Ал дауыссыз *ха* және *һә* әріптерімен басталатын кейбір сөздер қазақ тілінде көбіне мағына ажыратушы фонетикалық вариант құруға негіз болған.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ә* дыбысынан басталатын сөздердің саны көп. Мысалы, *әбжет*, *әбзел*, *әдді*, *әжет*, *әзәзіл*, *әзіл*, *әзірет*, *әпсат*, *әсте*, *әсел*, *әдіс*, *әлем*, *әріп*, *әлек*, *әуселе*, т.б. Олардың көбі туынды сөздерге ұйытқы болған.

Ө-мен басталатын сөздердің декірмелігі байқала бермейді. Тілімізде адам тұлғасының қайсар мінезін білдіретін *өжет* сөзінің арабтың *худжәтун* حجة сөзінің дыбыстық түрленуінен жасалғаны көпшілікке беймәлім. Н. Ондасыновтың арабша-қазақша сөздігінде *худжәт* حجة сөзі 1. дәлел; 2. сылтау; 3. иелік документ (бір нәрсеге); 4. ауыс. қайсар, табанды, өр [6., 117]. Парсы тілінің сөздігінде: 1. айғақ, дәлел; аргумент; 2. талас, пікірталас; 3. вексель деген мағыналарға ие [2., 492]. Сөздіктерден байқағанымыз бірінші, екінші, үшінші мағыналары өзара бірін-бірін толықтырып тұрған семалар. Қазақ тіліне тек “құжат” мағынасы сақталған. Ал ауыспалы мәндегі “қайсар, табанды, өр” *өжет* сөзі алдыңғы дауыссыз *һ* дыбысының түсіп қалуы және одан кейінгі жуан дауыстының жіңішке дауысты дыбысқа өзгеруі арқылы түрленген. Қазақ тілінде *өжет* сөзінің семалық өрісі кеңейген. Алдыңғы өзара мәндес үш семаны негізгі семаларға жатқызымыз: 1. *Ойын іркілмей, қысылмай, бетке айтатын, еш нәрседен қорықпайтын*; 2. *Батыл, қайсар, қайтпайтын*; 3. *Өткір, батыр*. Шеткері сема: 4. *Қыран құстардың шақар, өткір сыны* [3, 2 т., 470].

Осылайша көне және ортағасыр жазба ескерткіштер мәтіндерінде қолданылу жиілігі жоғары арабтың *һуббу* حبб сөзі де бастапқы позициясындағы *һ* дыбысының түсіп қалуы және одан кейінгі дауыстының өзгеріске ұшырауы арқылы *өбуболып* игерілген. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің мағынасы кеңейген, көбіне ақын-жазушылардың шығармаларында кездеседі: 1. *Ернін тигізіп сүю*. 2. *Сүйіспеншілік, құштарлық*. 3. *Ауысп. Желпу, рақат сезімге бөлеу* [3, 12 т., 67]. Ауызекі сөйлеу тілінде *үбекте*, *өбекте*, *өпкенде* әртүрлі дыбыстық нұсқаларында кездеседі.

Қазақ тілінде *ө* дыбысымен игерілген араб тіліндегі *уә* дыбысымен басталатын бірқатар сөздер бар: *уәкил* وكيل – *өкіл*, *уәсийәт* تيصو – *өсиет*, т.б. Бұл сөздер де араб тіліндегі алдыңғы дыбыстың түсіп қалуы арқылы және екінші дауысты дыбыстың өзгеріске түсуі арқылы түрленген. Араб тілінде *өкіл* сөзінің *сенімді адам, қорғаушы, депутат* мағыналары бар. Қазақ тіліндесемантикалық өрісі кеңейген: 1. *Белгілі бір елдің, мекеменің, ұйымның көзқарасын, мүддесін білдіретін, оны жүзеге асыратын ресми адам*. 2. *Белгілі бір топтың (халықтың, ұйымның, таптың) атынан келген*

кісі. Өкіл сөзінің бұдан бөлек “келісім бойынша жасалған туыстық атау” мәнінде *өкіл ата, өкіл бала, өкіл күйеу* тіркестері қалыптасқан.

Дегенмен парсы тілінен енген кейбір сөздердің қазақ тілінің дыбыстық табиғатына түрлену жолдары өзгеше. Мәселен, қазіргі сөйлеу тілінде кеңінен қолданылатын, танымастай игерілген сөздердің бірі парсының *өгей* сөзі. Парсы тілінде *اوگه‌ای* сөзінің бастапқы позициясындағы (*алиф* және *вау*) қос таңбасымен жазылатын *ө* дыбысына түрленген. *Өгей* сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі мағыналары: 1. *Өзі тұмаған (әке, шеше)*. 2. *Асырап алған, өзінен тұмаған (ұл, қыз)* [3, 12 т., 69]. Қазақ лексикасына мұндай сөздердің етене болып кеткендігі соншалық ақын-жазушалар шығармаларының өлең жолдарын көріктеу тәсілдері ретінде “бөтен, жат” мағынасында *өгей* сөзімен тіркесетін *өгей өңір, өгей өлке, өгей жүрек, өгей тағдыр, өгейлік қылды*, т.б. ауыспалы мәндегі тілдік бірліктерді жиі кездестіреміз.

Тілімізде бөтендігі байқалмайтын *ү* дыбысымен басталатын араб, парсы сөздері: *үзір* (өтініш), *үкім* (билік), *үмбет* (халық), *үшір* (салық), *үміт, үрім-бұтақ*, т.б. *Ү*-мен басталатын сөздердің араб, парсы тіліндегі графикалық тұлғасы әртүрлі болып келеді.

- алиф: *الگو* олгу – үлгі, *الف* олфәт – үлпәт;
- *ح* һә: *حضور* хузур – үзір, *حجره* ходжре – үжіре;
- *ع* айын: *عشر* – үшір, *عدة* үддәт – үдде;
- *غ* ғайын: *غذر* – үзір, т.б.

Төл тіліндегі сөздің бастапқы позициясы әртүрлі болғанымен, қазақ тіліне бір ғана жіңішке еріндік *ү* дыбысына алмасып, бұл дыбыс қалған буындарды да үндестік заңдылығына сәйкес жіңішкертіп, өзіне бағындырған. Осылайша тұтастай толық игерілген сөздер қазақтың төл бірліктеріне айналып, кірмелігі танылмай қалған.

Сондай-ақ, тілімізде сөздің алдына бір дыбыстың қосылуы (протеза құбылысы) арқылы жасалған *үлек* және *үрей* сөздері бар. Мәселен, парсының “түйе” мағынасындағы *лук*, “бет, жүз” мағынасындағы *ру* сөздерінің алдына *ү* дыбысының қосылуы арқылы жасалған. Тілімізде *й, у, р, л*, үнділерінен басталатын сөздердің алдынан селбесіп айтылатын *удыбысы* жазуда сақталған және үндестік заңдылығына сәйкес *лук – үлек* және *ру – үрей* болып, тұтастай игерілу процесіне түскен. Профессор Н. Уәлидің сөздің абсолют басында *л, р* дыбыстары қолайлы еместігін және бұл позициядан “қашып” отырудың төрт фонетикалық тәсілі бар екендігін көрсетеді. Оның бірін ғалым былайша тарқатып түсіндіреді: “... *л, р* дыбыстары сөздің басында селбеспелі қысаң дауыстылармен айтылған. Мысалы, *лу* (тибет, қытай) – *ұлу*, [ылашын] т.б. Өзге алмасулармен салыстырғанда соңғы төртінші тәсілді *л, р* дыбыстарынан басталатын шеттілдік сөзді игерудің аса өнімді түрі деуге болады” [7., 75]. Қазіргі қазақ әдеби тілінде *үлек* сөзінің семантикалық өрісі кеңейген: 1. *Таза қанды нар түйенің таза тұқымды бұрасы*. 2. ауыс. *Төбе, биіктік* [3, 15 т., 54]. Тілімізде осы сөзбен байланысты *үлек бота, үлек нар* тіркестері, *үлекше, үлектей* сияқты туынды тілдік бірліктер бар. *Үрей* сөзінің екі мағынасы бар: 1. *Құр сұлдер, сырт бейне*. 2. Ауыс. *Зәре, құт, қорқыныш* [3, 15 т., 76]. “Бет, жүз” мағынасы көмескеленіп, қолданыстан шыққан. Ал “зәре, құт, қорқыныш” ауыспалы мәні қазіргі тілімізде кең өріс алған: *үрей биледі, үрей тугызды, үрейі қашты, үрей салды*, т.б.

Дегенмен *ү*-мен басталатын сөздердің үндестік заңына бағынбай, әртүрлі нұсқада жазылып жүрген кітаби бірліктер де кездеседі. Мәселен, *Айтасың өзің неге, - демей ме ол? Жел сөзге, дегенменен болма ү л п а т! Сен айтпа қара өлеңді мен айтайын, Дегендей көрініп тұр бұл ишарат (“Айттыс”). Ғаманның жалғыз қызы болған ү л ф ә т, бітпейді адамзатқа мұндай сипат (“Тарғын батыр жыры”)*. Осындағы “достық, қарым-қатынас, сүйіспеншілік” мәніндегі кітаби лексикада қолданылатын парсының үлфәт *الف* сөзі *ұлпат, ұлпәт, ұлпат*, т.б. нұсқаларда болуының себебі тіл иелменінің өлең шұмағына сәйкестендіру талабынан, немесе, жазылу нормасы белгіленбеген сөздердің қатарынан болуы мүмкін. Осындай әртүрлі нұсқада жазылып әрі айтылып жүрген тілдік бірліктер тілімізде біршама. Оларды қазақ тілінің дыбыстық табиғатына сәйкес орфографиялап, бірізді нормаға түсіруді назарда ұстауымыз қажет. Бұл жайында А. Кобланова, Қ. Есенова өз мақалаларында орфография және орфоэпия бойынша анықтағыштар тәрізді ортологиялық құралдардың жасалуы, гуманитарлық ғылым саласынағы аса зор табыс болады дегенді айтады [8., 17].

Қорытынды. Қорыта келгенде, сөздердің бірыңғай жуан немесе бірыңғай жіңішке айтылуы әрі жазылуы қазақ тілінің табиғатына тән құбылыс екенін ескерсек, *ә, ө, ү* дыбыстары кейінгі буындарды да жіңішкертіп, бөтендігін білдіртпей, семантикалық өрісін де кеңейткен. Бөтендігі сезіле бермейтін сөздердің өте ертеректе енгендігінің дәстүрлі лингвистикалық белгілері анықталған: туынды сөз жасау мен сөз тіркестіру қабілеттілігі, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің құрамында актив

қолданылуы. Бұдан бөлек Академик Р. Сыздық кірме сөздің ену дәрежесін былайша көрсетеді: “Шеттілдік сөздің семантикалық жағынан сіңісуі, олардың тілдегі бұрынғы бар сөздерден мағына жағынан дифференциялануы, стильдік сфераға жатпайтын болса, оның әдеби тілдің әр алуына жанрында қолданыла беру қабілеттілігі”[9., 103]. Сондықтан кірмелігі қай тілден енгендігі беймәлім сөздердің түп-төркінін, семантикалық өрісінанықтап, жаңа әліпбимен түзілетін сөздіктердің сөзтізбесіне белгісөзін, стильдік белгілерін (кітаби, діни) қоюды ескеруіміз қажет. Бұл жалпы сөздікті пайдаланушы әлеумет, зерттеуші, мектеп мұғалімдері мен оқушылары үшін сөз төркінін тануда қажетті ақпарат болатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002-784 б.-кітап
- 2 Персидско-русский словарь.– М.:Рус.яз., 1985. Т. II. 864 с.-сөздік
- 3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бестомдық. Алматы: 2011, II Т. –744., - XII Т, – 752 б., XV Т. – 828 б.-сөздік
- 4 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011-737 б.-кітап
- 5 Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өңд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. 2010-608 б.-кітап
- 6 Оңдасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп, 1984-255 б. -сөздік
- 7 Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы, 2018-250 б.-кітап
- 8 Қобланова А., Есенова Қ. Рәбиға Сыздық және қазақ тілінің ортологиялық құралдары // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, “Филология ғылымдары сериясы”, № 1 (71), 2020 ж. -журнал
- 9 Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014-383 б.-кітап

Referneces:

1. Qazaq gramatikasy. Fonetika, sözjasam, morfologia, sintaksis. – Astana, 2002-784 b.-kitap
2. Persidsko-ruski slovär.– M.: Rus.iaz., 1985. T. II. 864 c.-cözdik
3. Qazaq ädebi tiliniñ sözdigi. On bestomdyq. Almaty: 2011, II T. –744., - XII T, – 752 b., XV T. – 828 b.-cözdik
4. Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürli jüiesi. Ensiklopedia. – Almaty: DPS, 2011-737 b.-kitap
5. Qazaq tili jönindegi zertteuler. – öñd., 3-bas. – Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty. 2010-608 b.-kitap
6. Oñdasynov N. Arabşa-qazaqşa tüsindirme sözdik. – Almaty: Mektep, 1984-255 b. -sözdik
7. Uäli N. Grafika. Orfografia. Orfoepia. – Almaty, 2018-250 b.-kitap
8. Qoblanova A., Esenova Q. Rәbiğa Syzdyq және qazaq tiliniñ ortologialyq құraldary // Abai atyndaғы QazÜPU-dyñ Habarşysy, “Filologia ғыlymdary seriesy”, № 1 (71), 2020 j. -jurnal
9. Syzdyq R. Abai şyğarmalarynyñ tili. Leksikasy men gramatikasy: köptomdyq şyğarmalar jinaғы. – Almaty: El-şejire, 2014-383 b.-kitap

МРНТИ 19.01.07

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.20>

Шакенова М.,¹Таширханова Д.,² Баймаханбетов М.³

^{1,3} АО “Информационно-аналитический центр” при МОН РК,
² Евразийский национальный университет им. Л. Гумилева Казахстан,
г. Нур-Султан, Казахстан

**МАНИПУЛЯТИВНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ЛЕКСИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ
(НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСТАНСКОГО МАССМЕДИЙНОГО ДИСКУРСА)**

Аннотация

В настоящей статье рассматриваются вопросы массмедиа манипулирования. В силу огромного влияния массмедийного дискурса на общественное сознание и поведение, нередко массмедиа используются как инструмент информационно-психологического воздействия на общество и